

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY NAMED AFTER ALFARABI



Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіне 100 жыл толуына орай
өткізілген

**«ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ»**

атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛЫ

Алматы, 2024 жылдың 26 сәуірі

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-теоретической конференции

**«ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ФОРМИРОВАНИЯ
НАЦИОНАЛЬНОГО ЯЗЫКА НАУКИ»**

посвященной в честь 100 -летия первого съезда казахских знатоков

Алматы, 26 апреля 2024 года

MATERIALS

The International scientific and theoretical conference

**«THEORY AND PRACTICE OF THE FORMATION OF THE
NATIONAL LANGUAGE OF SCIENCE»**

dedicated in honor of the 100th anniversary of the first Congress of Kazakh
experts

Almaty, 26 November, 2023.

Алматы

«Қазақ университеті»

2024

.....	215
Әмірбекова Ә. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің тіл білімдік негізі	522
Темрешева Л. Кәсіби қазақ тілі сабақтарында медициналық терминдерді игеру	527
Қырғызбай Ә. Қазақ тілін үйретудегі мезгіл категориясының маңызы.....	531
Доненбай Ж. Методика преподавания казахского языка и литературы	536
Асанова С.Қ., Далдабай Ә.Д., Мұхамади Қ. Мағынасы көмескіленген сөздердің мақал-мәтел құрамында ұшырасуы	548
Асанова С.Қ., Далдабай Ә.Д. Күшейткіш үстеулердің зерттелуі.....	552

учителям улучшать свои методики преподавания. С использованием многих методов и способов в изучении казахского языка и литературы можно создавать различные программы и материалы, которые сделают процесс обучения более увлекательным и захватывающим для учеников. Всеобъемлющая и правильно выстроенная комплексная методика в обучении может значительно улучшить качество образования и помочь обучающимся получить знания более быстро и эффективно.

Литература:

1. Ермакова Т., Рыскулбек Д., Сакиева Г., Сабихан Г. Обучение языку как второму или иностранному: проблемы и методы. Научное обозрение // Педагогические науки. - 2022. - №3. - С. 15-19.
2. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері: Сборник материалов республиканской научно-практической конференции / Под ред. М.И. Азимова. - Ташкент, 2015. - 107 с.
3. Наралиева Р. Современная методика казахского языка как иностранного: инновация, качество, результат, достижения. - М., 2014. - С. 115-121.

Мағынасы көмескіленген сөздердің мақал-мәтел құрамында ұшырасуы

Асанова С.Қ., Далдабай Ә.Д.

Қолданбалы қазақ тіл білімі мамандығының 1-курс магистранттары

Мұхамади Қ.

Ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Сөз даму барысында түрлі тарихи кезеңдермен ұшырасты. Сөздің даму тарихын қарастыратын сала – тарихи лексикология. Ол сөздердің қалыптасу, даму, өзгеру процесіне байланысты тарихи заңдылықтарды зерттейді. Ал этимология тарихи лексикологияның бір саласы ретінде сөздердің түп төркінін, шығу тарихын, олардың бастапқы мағынасы мен түр-сипатын анықтайды. Мағынасы көмескіленген сөздер қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің, көне жазбалардың, қос сөздердің, мақал – мәтелдің құрамында жиі ұшырасады [1,18].

Қазақтың мақал-мәтелдерінде бүгін де қолданылмайтын, түсініксіз сөз тіркестері, морфологиялық бірліктер мен жеке сөздер кездеседі. Дегенмен халқымыз ол мақал мен мәтелдердің айтылу реті, түп төркіні мен мағынасын жақсы біледі, орнымен қолданады. Мәнмәтінге қарап құрамындағы бейтаныс сөзді өздерінше топшылайды. Ал құрамындағы сол бейтаныс сөздерді, күңгірттенген бірліктерді зерттеп, мағынасын

ашудың маңызы зор. Төменде бірнеше мағынасы күнгірттенген сөздердің мақал-мәтелдердегі қолданысына талдау жасалды.

Қиық. *Қыздан туғанның қиығы жоқ (Мәтел).* Осы мәтелдің құрамындағы *қиық* сөзі қазақ тілінде жеке айтылмай, мақал-мәтелдің жетегінде жүргенімен, туыстас өзге тілдерде өз алдына жеке дара айтылып қолданыла береді. Мәселен, хакас тіліндегі өкпе, наз мағынасында «*хыйых*»; өкпелету, қысым жасау мағынасында «*хыйыхта*»; ренжіту, қудалау, өкпелету мағынасында «*хыйыхтат*»; ренжітушілік, наразылық мағынасында «*хыйых тас*»; өкпелетуші, ренжітуші мағынасында «*хыйыхчы*» сөзі қолданылады. Ал Құдадгу биликте қыңыр, қисық, кемдік, кетік мағынасында жұмсалынған «*qujug*» сөзі бар. Бұл сөздің тіліміздегі *қисық* сөзімен тұлғалық та, мағыналық та жағынан ұқсас екені тайға таңба басқандай көрініп тұр. Дегенмен мұндағы кемшілік мағынасы қисық сөзінде жоқ. Әрине, *қиық* сөзі мен *қисық* сөзінің мағына ретінде бір деп қарау үшін әлі де грамматикалық байланыс болатындай зерттеулер қажет. Сонда да мәтелімізді «Қыздан туғанның кемшілігі жоқ» немесе «Қыздан туғанның өкпе-назы жоқ» деп алсақ та өзінің төркініне жететін сияқты. Сонымен, біз қарастырып отырған *қиық* сөзінің жоғарыда берілген зерттеулердегі *қиық* сөзімен семантикалық байланысы бар деп айтуға болады [2, 83].

Қалп. *Халық айтпайды, Халық айтса, қалп айтпайды (мақал).* Мақал құрамындағы қалп сөзі лексика-семантикалық тұрғыдан да, морфологиялық тұрғысынан да ерекше. Кейбір авторлар мағынасының түсініксіз болуына байланысты өз еңбектерінде бұрмалап қалып, қалт деген сияқты дұрыс жазбай жүр. Негізінен бұл сөз «жалған, өтірік, теріс» мағынасын береді. *Қалп* сөзі қазіргі қазақ тілінің лексикасында актив қолданыста болмағандықтан, тек кейбір мақал-мәтелдердің құрамында ғана көрініс береді. Ал өзге туыстас тілдерде бұл сөз әр түрлі сөздермен де тіркесіп немесе жеке дара қолданылып та айтыла береді. Ондай жағдайда «өтірік, жалған» мағынасынан басқа «бекер, бос» деген мәнде де жұмсалған. Қарақалпақ тілінде *қалп* – өтірік, теріс, бос, бекер; түрікпен тілінде *галб* – опасыз, жалғаншы, жалған; ұйғыр тілінде *қалб* – алдамшы, өтірікші; қырғыз тілінде *qalp* – жалған, өтірік; түрік тілінде *qalb* – өтірік істелген нәрсе; өзбек тілінде *қалб* – шірік, арам; осетинше *galiw* – солақай, теріс; тәжік тілінде *қалб*, әзірбайжан тілінде *галб* және парсы тіліндегі *галб* – жалған іс, өтірік жасалған мағынасын береді. Енді зерттеушілердің еңбегіндегі қалпы сөзінің мағынасына тоқтала өтейік. В.В.Радловтың еңбегінде *қалп* – қолдан жасалған, жалған, өтірік; *қалп адам* – суайт, өтірікші адам; *қалп акча* – өтірік ақша мәнінде көрсетілген [3,135]. Атаулы сөз Л.З.Будаговта да тура осы мағынаны берген. Бұл сөз (қалп) түркі тіліне араб тілінен келген [4,109]. Ал қазіргі таңда *қалп* сөзі араб тілінде тұрақсыз, өзгергіш, ауыспалы мәнін берсе, қазақ тіліндегі *қалп* сөзінің мағынасы осы мағынамен сәйкес келеді.

Жабы. *Жалы бар деп жабыдан айғыр салма (мақал).* Түсіндірме сөздіктегі анықтамасы бойынша, бұл сөз «қазақы жылқының байырғы қара байыр тұқымы» деген мағынаға ие. Мақалдағы алтай, төлеуіт тілдерінде йабы «жүдеген», «арықтаған»,

«жарамсыз», ал қазан татарлары, қырғыз және бараба татарларында йабык «арықтау», «жүдеу», «әлсіздену» деген мағыналарды береді. Йабы және йабык сөздері жабы тұлғасына жақын келетіні даусыз. Жылқының бұл түрі онша реңді бола бермейтінін ескерсек, «жарамсыз» сияқты мағыналардан да алшақ кетпейді. Ендеше жабыны *йабы* сөзінің дыбыстық түрі деп қарап, оның төркіні түрк тілдері деу орынды. Алайда жүйесі басқа тілдің елеңдетер дерегіне тап боламыз. Парсы тілінде бұл сөз үнемі жылқы сөзімен тіркесте көрінеді иабу – 1. «жүк артатын, жүк таситын жылқы»; 2. «тұқымы нашар, көтерем ат». Қазақ тілінде де жабы көбіне-көп жылқымен байланысты қолданылады. Бірақ сөз төркінін парсы тіліне апарып тіреуге күмән тудыратындық тағы бір себеп бар сияқты. Ол – парсы тіліндегі йабудың екінші мағынасында кездесетін «көтерем», «арык» мағыналары. Осы иәліметтерді салыстырсақ, жабы сөзінің алғашқы төркіні түрк тілдері болған және ол ертеде тек жылқы, ат сөздерімен тіркесіп қана қоймай, басқа да атаулармен жанаса алған [5, 201].

Бұдан шығатын қорытынды – түрік тілдері меншігіндегі жабы сөзі парсыларға ауысып, онда тек жылқы сөзімен тіркескен де, қазақ тіліне кері оралған.

Үт. *Үт кірді, Үйге құт кірді.* Осы мәтелдегі «үт» сөзін жазушы Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай киіз үйдің саңылау-тесіктерінен енген күн сәулесінің атауы ретінде көрсеткен. Үт – көктемнің хабаршысы. Яғни, күн нұры.

«Үт» сөзі көне түркі тіліндегі «өд, өт» тұлғалы сөздердің дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі. М.Қашғаридың еңбегінде «өд, өт» сөздерінің бір мағынасы «тесік, саңылау» деп берілген. Үт – наурыз айы. Осыған орай, І.Кеңесбаев хұт немесе үт айын Қазақстанның шығысында Бірдің айы деп атайды деп көрсетеді [6, 292].

Сонымен, саңылау-тіркестерден түсетін күн сәулесін қазақ «үт кірді» деген тұрақты тіркесімен бейнелеген.

Қаңқу. *Сөзде қаңқу жаман,*

Ауруда шаниу жаман. «Қаңқу» - түркі тілдерінің сөзі. Сондықтан да оның төркінін, бастапқы мағынасын солардың арасынан іздеп табамыз. Ноғай тілінде канькув – сөгу, балағаттау мағынасында айтылады. Қырғыз тілінде қанкуу – тұспалдап сөйлеу, зәрлі тұспалды түсіндіреді. Бұл тілдерде мақал құрамында ғана емес, «қаңқу басқа сөздермен де тіркеске түсе береді.

«Қаңқудың» алғашқы мағынасы «зәрлі сөз» болған сияқты. Сондықтан да мақалдағы «қаңқу жаманды» қазіргі кезде «зәрлі сөз жаман» қалпында түсінген дұрыс.

Қары. *Қарына тартпағанның қары сынсын.* Белгілі ғалым Ш. Сарыбаев мақалдағы мағынасы жағынан көпке түсініксіз қары сөзінің батыс говорларында дербес тұрып та өз алдына жеке қолданылатынын айтады.

Амандаспай аттандым,

Ата – ана, қарыма.

Жолығыспай жөнелдім,

Алланың қосқан жарыны.

(Махамбет)

Бұл өлеңдегі қары сөзі «ру», «ағайын», «туысқан» мағынасында айтылып тұр. Ғалым атаулы қары сөзін қарым – қатынас құрамындағы қарым сөзімен байланыстырып, екі сөздің мағыналық тұрғыдан төркіндес болуы мүмкін деп жорамалдайды.

*Атты арығанды көр,
Жігітті қарығанда көр.*

Бұл мақалдағы қары сөзінің мағынасын тұлға жағынан ұқсас сөздермен салыстырып таба аламыз. Қазақ тіліндегі қарт мағынасында жұмсалатын кәрі // қары (диалект) сөзі бар. Бұл сөзден қартайған, қартаю деген туынды сөздердің жасалатыны белгілі. Демек, мақалдағы қарыған сөзі де «қары» - дан жасалған туынды сөз. Бұл сөз батыс говорларында кездесіп, тіліміздеге кәрі мағынасын береді [2, 211].

Қары сөзінің тағы бір мағынасы – қолдың иық пен білек аралығы, ішкі жағы, иіні. Сонымен бірінші мақаладағы «Қарына тартпағанның қары сынсын» мақалының мағынасы – туысқанына тартпағанның қолы сынсын.

Кеп. *Құлақпен естімей, кепке жарымайсың,
Қолмен жемей, етке жарымайсың.*

Мақалдағы «кеп» сөзін ғалым Жамалбек Болатов парсы тілінен енген, «әңгіме» мағынасын беретінін сөз етеді.

К. Юдахин сөздігінде «кеп» сөзі иран тіліндегі сөз деп көрсетілген [7, 39]. Белгілі ғалым Ә. Нұрмағамбетов бұл сөздің иран тілінде «кеф» деп қолданылып, «сөз» деген мағына беретінін растайды. Сондай-ақ өзге тілдердегі қолданысын зерттей отырып, өзінің тың пікірін қосады. Якут тілінде хоп – өсек, құмық тілінде – өсек сөз, өтірік, монғолша хов – өсек, тұңғыс-маньчжур тобына жататын бірнеше тілдерде де ково – өсек деген мағыналарда жұмсалады [8, 183].

Демек, кеп сөзінің мағынасы – өсек сөз деген мағынаға саяды. Тілімізде «сөз-кеп» деген қос сөздің де екінші сыңары осы мағынамен үйлеседі. Өйткені «сөз-кептен аулақ жүр» нақыл сөзінің де мәні «сөз-өсектен аулақ жүр» дегенді білдіріп тұрғаны бәрімізге мәлім.

Сонымен, кеп сөзі әңгімеге де, «өз құлағыммен естідім» деп өсек-сөз бен өтірікті сапыратындар да бар ғой, сол мағынаға да келіп тұр.

Қорыта келгенде, түркі тілдеріне ортақ бірліктердің көнерген сипатынан бір ұлтқа тән болған ұғымның атауы ұлттар мәдени өмірінің даму сатысында жіктеліп, бір ұғымның төңірегінен алыс түсініктер арқылы семантикалық өзгерістерге ұшырап отырғаны байқалады. Этимологияның мақсаты да осы, сөз төркінін зерттей келе, бастапқы түбірін табу. Яғни, қоғам дамуына байланысты сөз мағыналарының өзгеруін және олардың алғашқы түп-төркінін зерттеу. Тілімізде мағынасынан айырылған сөздер қатысты зерттеулер әлі де қажет-ақ. Олардың бастапқы мағынасын ашып, тарихына жету үшін өзге тілдік деректермен салыстыра қарастыру, әрбір мақал-мәтелдің құрамындағы көмескі сөздерді зерттеуде бірнеше ғылыми пікірлерді салыстыра отырып талдау жасауға болады. Мақал-мәтелдердің құрамында көптеп

сақталып қалған мағынасы көмескіленген сөздердің мағынасының күңгірттенуіне тарихи-әлеуметтік жағдайлар, қызметі мен қажеттілігі, қолданыс аясының тарылуы және өзге тілдердің ықпалы, яғни объективті және субъективті себептер әсер еткен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
- 2 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
- 3 Радлов В. Опыт словаря тюрских наречий. 4 тома. Спб, 1899.
- 4 Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. 2 тома. – С.428.
- 5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968 б.
- 6 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977.
- 7 Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. – М., 1965.
- 8 Нұрмағамбетов Ә. Сөз сырына саяхат. – Алматы: Жалын, 1990. – 121б.

Күшейткіш үстеулердің зерттелуі

Асанова С.Қ., Далдабай Ә.Д.

Қолданбалы қазақ тіл білімі мамандығының 1-курс магистранттары

Сөздерді таптастыру ұстанымдарына сай, лексика-семантикалық сипатына, морфологиялық белгісіне, синтаксистік қызметіне қарай бөлінетін сөз таптарының бірі – үстеу. Үстеу сөздерге қатысты қазақ тіл білімінде нақтыланып, нүктесі қойылмаған мәселелер әлі күнге бар. Солардың бірі – үстеулердің лексика-семантикалық топтарына қатысты түрлі көзқарастар. Бұлай деуіміздің себебі үстеу сөздердің мағыналық топтары туралы көзқарастар әлі күнге бірізге түспей, оқулықтарда қате берілуі. Үстеудің мағыналық топтарына тоқталмас бұрын, үстеу сөздерді танудағы шарттарды нақтылап алуымыз керек.

Үстеулерді көп ғалым түрленбейтін сөз табы қатарына қосса, кейбір ғалымдар аз түрленетін сөз табы деп таниды. Үстеу сөздер іс-әрекеттің, қимылдың мезгілін, мекенін, сын-бейнесін білдіретіндіктен негізінен етістіктермен тіркеседі. Етістіктермен тіркесіп келіп сөйлемде көп жағдайда пысықтауыштың қызметін атқарады. Үстеулер мәселесі өткен ғасырдағы түркі тілдеріне арналған грамматикаларда қозғалды. Мәселен, үстеулер туралы пікірлер И.Гиганов, М.А.Казамбек, Г.М.Милиоранский, А.М.Щербак, т/б белгілі ғалымдардың еңбектерінде орын алды[1, 362].

Қазақ тіл білімінде үстеу сөздер туралы алғаш айтқан Қазақ тіл білімінің атасы, көрнекті ғалым – А.Байтұрсынұлы болды. А.Байтұрсынұлы өзінің «Тіл-құрал» атты еңбегінде сөз таптарын атауыш сөздер және шылау сөздер бөліп қарастарады. Үстеу сөздерді осы шылау сөздердің қатарына жатқызады. Ғалымның